



жоспар

СҮТ ТІСТЕР ШЫҒУЫ (ЖАРУУЫ)


- Тіс-жақ сүйек жүйесінің дамуында тістердің жарып шығуы маңызды кезең болып табылады. Бұл тістер дамуыш аяқтайтын және оларды өз қызметтерін (функцияларын) атқаруға даярлайтын соңғы кезең.
- Сүт тістері нәрестенің 6—7-ші айға қараған кезінен бастап қызыл иекті жарып шыға бастайды. Дәл осы кезде сүт тісінің сауытының қалыптасуы аяқталады да, оның түбірінің дамуы басталады.
- Тістің дамуы мен жақ сүйектері өсуінің арасында айқын байқалатын төуедділік бар, Оның өзі тіс ұясы жақтауларының бойлап өсе бастауымен бір мезгілде ондағы тіс бастамасының сол бойлық бағытқа орнын ауыстыра бастағаннан-ақ білінеді. Тіс бастамасы өз орнына ауыстыра бастауы басқа бағыттарда да болатыны байқалады. Мысалы, тұрақты кіпгі азу тістер (премолярлар) тіс тақтасының тіл шетінен сүт азу тістерінің артына қарай дами отырып, олардың түбірлері арасындағы кеңістікті бірте-бірте толтыра бастайды.
- Жарып шығушы келе жатқан сүт тістері сауыттарының қырлары мен төмпешіктері тіс етіне немесе қызыл иекке қысым көрсете бастайды, содан барып бұл тұстағы қызыл иектің қан тамырларының жаншылғанының салдарынан қорсқенуі бұзылып, бірте-бірте жұқа-рады. Тістің жарып шығуының алғашқы кезінде дәнекер ұлпаның шамалы ғана лимфоидтық элементтермен инфильтрацияланғаны (жиналатыны) байқалады.



- Тіс сауытын жауып тұрған жене жойыла бастаған (редукцияға ұшыраған) эпителий қызыл иекті жапқан эпителиймен қосыла бастайды. Көп кешікпей тіс үстіндегі жүқарған қызыл иектің эпителий қабаты жарылып, тіс керіне бастайды.
- Ауыз қуысына қарай тіс сауыты есіп жылжыған сайын қызыл иектің эпителий қабаты одан сыпырыла бастаған күйге ауыса бастайды. Мұнда ол тіс мойыны эмалінің бастапқы кутикуласымен тығыз тұтасып байланысады (Насмиттің қабықшасымен). Бұл жалғама немесе эпителийальды бекітпе қызыл иектің сайының түбін құрайды да, бүкіл өмір бойы өзгермеген қалыпта сақталады.

СҮТ ТІСТЕРДІҢ ЖАРЫП ШЫҒУ МЕРЗІМДЕРІ

- Тістердің жарып шығуы — физиологиялық зат. Симметриялы тістердің жұбымен белгілі бір жүйе бойынша — ең алдымен астыңғы жақта, содан кейін үстінгі жақта (4 кейде 2 тістің өзгеше болатындығын қоспағанда) және соған сәйкес мерзімдерде жарып шығуы олардың дұрыс және өз жөнімен шығып жатқан тістердің нышандық белгісі болып табылады.
- Барлық 20 сүт тістерінің шығуы 2,5—3 жас шамасында аяқталып бітеді.



ТІСТІҢ ЖАРЫП ШЫҒУЫН ТҮСІНДІРЕТІН ТЕОРИЯЛАР

- Тістің жарып шығуының механизмі өте аз зерттелген. Тістердің жарып шығуын түсіндіретін бірнеше теориялар бар (дамып келе жатқан түбірдің тісті итермелеуі, өсіп келе жатқан ұлпаның тісті жылжытуы, дамып келе жатқан альвеола ұяшығының тісті итеруі, нейрогуморальдік және сифондық теориялар т. б.).
- Алғашқылардың бірінен саналған, ғылымилығынан гөрі тарихи қызығушылық туғызып, өзіне назар аудартаған теория тістің жарып шығу себебін түбір жағынан өсіп дамуы деп түсіндірген (Hunter, 1870). Сүт тіс түбірі, тіс альвеоласының (ұясышан) қимылсыз табанын езіне тірек етіп, тісті сыртқа қарай ығыстыру түрінде өсетін көрінеді. Дегенмен, бұл теория сүт тіс пен тұрақты тістер бастамаларының (бітіктерінші) тіс жарғанға дейін жақ сүйек қуысында өз орындарынан қиын да күрделі, өрі біршама көп орын алмастыр? - дағы жылжуларын түсіндіре алмайды. Мысалы, үстіңгі азу тістер бастамаларының шайнау беттері алғашында артқа және үртқа қараған болып келеді. Тіс жаруының барысында бұл тістер өздерінің қалпын шайнау беттерін төмен қарата бұрып өзгертеді

- Тіс бастамаларының жоғарыда суреттелгендегідей орнышан жыл-жуық тіс түбірлерінің өсуімен ғана түсіндіру мүмкін емес. Hunter теориясы (1870) ұрықтары көз шарасы сүйегінің астына орналаса-тын үстіңгі сүйір азу тістердің жарып шығуы себептерін түсіндірс алмайды, ал олардың тіс сауыты тісеудің (тіс жарудын) барысыщца түбірдің бойыгааи едәуір ұзыш болып асып түеетін аралықты ясүріп өтеді. Кейбір жағдайларда түбірлері толық қалыптасып үлгерген болса да, тістердің жарып шығуы мерзімдерінің өте шұғыш тежелуі байқа-лады. Түбірі дамымауы жоқ болса да, тістің жарыш шығуы ксздескен жағдайлары өдебиеттерде бар (F. Noyes, 1955). Осы фактілерді тісеудің "түбір теориясы" арқылы түсіндіру мүмкін емес. Г. В. Ясвоин (1929, 1936) "түбір теориясына" ұқсамайтын, оған қайшы өз пікірін ұсынды. Оның түсіндіруі бойынша, тістің жарып шығуы пульпаның дәнскер ұлпасына айналыш кететін тіс бүртігі ме-зенхимасынын дифференциялануымен байланысты болады. Тіс бүртігі мезенхимасының дифференциялануы оның ұшынан баста-лады. Мұнда түзілген пульпаның көлемі тіс бүртігі ұшындағы ал-ғашқы көлемінен әжептеуір көп болады. Осының салдарынан тіс бастамасы шііндегі қысым ұлғаятүсіп, оған қызыл иексыршна қарай кедергісі ең аз бойлықпен қозғалуға мәжбүр етеді. Г. В. Ясвоин да-мып келе жатқан тістің ең бастапқы кезден оның жарып шығуына мүмкіндік туғызатын күші бар ракета қозғалысыша теңестірш са-лыстырады. Тіс сауытының толық жарып шығуы тіс бүртігінің дамуы барысында оның табанындағы дифференцияланбаған мезен-хима қорының таусылған кезівдегі сәтіне сәйкес келеді. Тістің жа-рыш шығу процесі аяқталғаннан кейін оныңтүбірінің ұшы біржолата қалыптасып болады.
- Біраз ғалымдардың пікірінше, тістің жарып шығуы барысында оның қызыл иектің бос шетіне қарай жылжуы тіс альвеоласы табанында сүйек ұлпасының түзілуіне байданысты болады. Жаңадан пайда бола бастаған сүйек тінінің тіс альвеоласы табанына жинақталып қыртыстануы және ондағы тіс ішіндегі қысымның көтерілуі шығып келе жатқан тістің тік бағытта, яғни қызыл иектің бос тұрған шетіне қарай жылжуына мүмкіндік береді.
- Алайда, осы екі фактор да дамыш келе жатқан тістің өзінің тіс сауығымен бірге алға қарай жылжуын (А. Я. Катц, 1940), сондай-ақ осы процесте байқалатын тағы да біраз құбшгыстарды толығымен түсіндіре алмайды.



Нижние центральные
резцы появляются
примерно в 6 мес.



Верхние центральные
резцы появляются
в 8 мес.



Верхние боковые
резцы появляются
в 10 мес.



Нижние боковые
резцы появляются
в 12 мес.

- Тістің жарып шығуы процесінде альвеолярлық өсіндіні сүйек тінінен бөлектеп айтсақ, өсіп келе жатқан тісті қоршап тұрған тіс альвеоласы жақтауының қайта жасалуының маңызы зор рөл атқарады. А. Я. Катцтың (1940) теориясы бойынша, тістің жарып шығуы сүйек альвеоласы өсіп келе жатқан тіс қысымына ұшырайды. Осы қысымға тап болған тұстардың резорбциялануы (сіндіріліп тарап кетуі) альвеола табаны тұсындағы сүйектің жаңадан пайда болуымен қосарлана жүреді. Альвеолярлық өсіндінің сүйек тінінің резорбциялануы тістің өрі қарай дамуы мен өсуіне орын босатады және тіс сауытының алдындағы ұлпалық қысымды ікелей азайтады. Сонымен қатар бүртік ішіндегі қысымның көгерілуі және альвеола табанындағы сүйек тінінің өсетуі тіс бастамасының кедергісі ең аз жаққа қарай, яғни альвеолярлық өсіндінің шетіне қарай жылжуын тудырады. Тістің жарып шығуы механизмінде резорбциялану процесі мен альвеолярлық сүйек тінінің жаңадан пайда болуының үйлесімі сай келуі осы теорияның басымдылығы болып табылады.
- Альвеолярлық өсінді шетіне жақын тұстағы сүйек тісінің жаңалануына, өзінің тіс жарып шыққан кезінде баланың қуана-қуана небір қатты заттарды аузына салуы қызыл иектің шетіндегі функционалдық тітіркендірулер болып табылады, мұның өзі аталған жаңалануды айтарлықтай түрде жылдамдатады.

- Тістің жарып шығуы мен оның даму процесі жоғарыда көрсетілген жергілікті факторлардың өсеріне ғана байланысты емес. Барлық биологиялық процестер сияқты олардың негізінде гистогенез, орга-ногенез процестері де жатады. Ал, олар болса нейрогуморальдік факторлардың ықпал етуімен және организмдегі зат алмасулар, қорек-тенулер тұқым қуалаушылық пен қоршаған сыртқы ортаның жағдайларына тәуелді болады. С, Д витаминдерінің, кальций жетіспеуі сүт және тұрақты тістердің гистогенезі мен олардың уақтылы жарып шығуының бұзылуына апарады. Тіс-жақ жүйесінің дамуы гипофиздің бойдың өсуін реттейтін гормонның, бүйрек үсті безінің қыртысты затындағы минералкортикоидтарының, қалқанша маңы безі гормонының, қалқанша безі гормоны кальцитониндерінің, мөлшеріне байланысты реттеледі. Осы аталған эндокриндік ішкі бездердің іс-өрекеттерінің бұзылуы тіс-жақ жүйесі элементтерінің қалыптасуына кедергі жасайды, тіпті оны тоқтатуы мүмкін. Бірқатар аурулар, мысалы, мешел (рахит), туберкулез, қатал індет аурулары тіс жару процесін тежейді. Микседема ауруының әсерінен тістердің жекелеген топтарының жарып шығу мерзімдері мен реті бұзылады.



Алғашқы тіс шығу дерттері

- Тіс шығу кезіндегі аурулары бір қатар ауруларды қосады:
- Тістің шығуына байланысты, қабыну (тістің кедергіленіп шығуы – жедел және созылмалы периконарит);
- Тістің дұрыс орналаспауы (ығысуы, тіс шығу кезінде пайда болған) – дистопирленген тіс;
- Жақтың сүйек тінінен немесе кілегей қабатынан тістің толығымен шықпауы. (жартылай ретинирленген тіс).
- Жақтың компакты табақшасынан толық қалыптасқан тістің жарып шығуының тоқтап қалуы.

Тістің жаруы әдеттегі физиологиялық процестерге жатады. Олар белгілі уақытында, адамға білінбей, ешқандай ауыру сезімінсіз шығады. Бірақ кейбір тістер нақтылы шығатын уақытынан кешігіп шыққанда оның маңайындағы _ тіндер қабынады. Тістің кедергімен кеш жаруы өз алдына мынадай топқа бөлінеді.

1. Дистопия — дұрыс қалыптасқан тістің тіс қатарынан шет шығуы. Кейде ұртқа қарай не тілге қарай жантая шығады. Кейбір тістер мұрынның ішіне не гаймор қуысына немесе көзге қарай шығуы мүмкін. Бұндай жағдайда тістің жаруы кешігіп, сол маңай тіндері зақымданып, қабынуы мүмкін. Онда тісті суырып алып тастау керек.

2. Ретенция — дұрыс қалыптасқан тістің шығуы әртүрлі кедергімен баяулап ұсталып қалуы. Егер тіс жартылай шықса, онда шала ретенция, ал тіс мүлде шыға алмай қалса, онда толық ретенция деп аталады.



Wisdom Teeth



Дистопия мен ретенцияға сүт тістер де, тұрақты тістер де ұшырайды. Тұрақты тістердің ішінде ретенцияға жиі ұшырайтын ақыл тістер, әсіресе астыңғы сегізінші тістер. Ал сирек ұсталып шыға алмай қалған жасадайға сойдақ тістер (ұры тіс) мен жоғарғы не астыңғы кіші азулар тап болады. Ретенция мен дистопия ауруының себебі толық анықталмаған. Әртүрлі ғалымдардың пікірі бойынша оның мынандай себептері болуы мүмкін:

а) Зат алмасу процесінің — ішкі секреция бездерінің, гормондардың реттеу жұмысының нашарлағаны не витаминдердің жеткіліксіздігі, инфекциялық аурудың әсері т. б. жасадайлар.

б) Зат алмасудың реттелуіне қатынасатын ішкі бездер қызметінің өзгерістері (гормондар қызметі бәсеңдесе не инфек-циялық) себебінен тіс дұрыс ұрықтанбай қалады не жсақ сүйектердің кейбір бөліктері ерекше дамып, тістің жарып шығуын тежейді және қанмен жабдықталуын да өзгертеді.



Қорытынды